

ӘОЖ 37.013.42

Ү.Б. Төлешова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: ulmekentoleshova@mail.ru

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын кәсіби аниматорлық іс-әрекетке дайындау жолдары

Мақалада аниматорлық іс-әрекеттерге байланысты көзқарастар сараланып, соның негізінде әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мамандарының аниматорлық іс-әрекеті қарастырылған. Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекет, өзіне операциялдық және жеке аспектілерді қосатын көп қызметті құбылыс. Болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке дайындауда оны жүзеге асыруға бағытталған талаптар сараланған.

Анимациялық іс-әрекет технологиялық жүйесінің санқырлы және жан-жақтылығын анықтауда әдістері мен технологияларын игеру мәселелерімен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру жолдары дәлелденген. Болашақ әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мамандарының коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетін дамытудың мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: оқыту жолдары, аниматордың кәсіби іс-әрекеті, ойын және актерлік оқу, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану.

U.B. Toleshova

Ways of training in social pedagogy and self-knowledge to the professional animator activities

This article discusses ways of training in social pedagogy and self-knowledge to the professional animator activities. The authors examine the concept of activity, areas of research on the subject. Specifies the role of methodical work: organizational, educational and scientific. In the article showing the use of Flash, JQuery and Javascript framework technologies, Macromedia software for creating animations on websites on the Internet. Authors given interpretation of the concept «animator» French and Latin languages. The authors disclose the concept of media, media education, media types and tools. The authors reveal the essence of social cultural animation in the interpretation of the theory of the French sociologist J. Dyumazade. The article gives a definition of the term educational animation and criteria for future professionals of social pedagogy and self-knowledge to the professional activities of the entertainer. On the basis of the author's creative technology O.S. Kazanski was the experimental work with the elements of the game and actor training. This program consisted of three blocks: block 1 - Everything is born out of love, block 2 - Of all the stars I'm a star, block 3 - Show me wizard, God.

Keywords: ways of training, professional animator activities, game and actor training, social pedagogy and self-knowledge.

У.Б. Толешова

Пути подготовки к профессиональной аниматорской деятельности специалистов по социальной педагогике и самопознанию

В данной статье рассматриваются способы обучения в социальной педагогике и самопознания в профессиональной деятельности аниматора. Автор рассматривает концепцию деятельности, направлений исследований по данному вопросу, а также определяет роль методической работы: организационную, образовательную и научную. В статье показано использование Flash, JQuery и рамочных Javascript технологий, программного обеспечения Macromedia для создания анимаций на веб-сайтах в Интернете. Автор дает толкование понятия «аниматор» на французском и латинском языках. Автор раскрывает понятие СМИ, медиаобразование, типов и инструментов, сущность социальной культурной анимации в интерпретации теории французского социолога Дж. Дьюмазадь. В статье дается определение термина образовательной анимации и критериев для подготовки будущих специалистов по социальной педагогике и самопознанию к профессиональной деятельности аниматора. На основе творческой технологии Казанского была проведена экспериментальная работа с элементами игры и актерского обучения. Эта программа состояла из трех блоков: блок 1 - Все рождается из любви, блок 2 - Из всех звезд я звезда, блок 3 - Покажи мне мастера, Бог.

Ключевые слова: пути обучения, профессиональная деятельность аниматора, игра и актерское обучение, социальная педагогика и самопознание.

Кіріспе

«Өзін-өзі тану» пәні арқылы жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиелері аламыз. Өзін-өзі тану пәні адамның өзін-өзі тануына, өзінің ең жақсы қасиеттерін анықтауға, өз ар-ұжданын сақтап, әрқашанда АДАМ деген атқа лайық болуына ықпал етеді. «Жақсы адамды кездестірсең, одан үйренуге тырыс, ал жаман мінез құлықтағы адамды кездестірсең өзінді-өзің зертте», – деген Конфуций. «Өзгені тану үшін өзінді-өзің таны» Сократ (б.ғ.д. 469-399 жылдар) деген болатын. «Рухани кәусар бұлаққа барар жолды іздеу – әр адамның міндеттерінің міндеті», – деген С. Алпысқызы.

С. Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының алға қойған мақсатының өзі ерекше. Себебі өзін-өзі тану баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзгелердің талқы-талдауына тәуелді болмауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың негізгі шарттары:

- Мектепте сүйіспеншілік, сенім, шабытты шығармашылық, өзінді-өзің зерттеу, өзінді түйсікпен ұғынуды дамыту атмосферасын құру үшін жағдай жасау;

- Рухани-адамгершілік білім беруді мектептің тұтастай педагогикалық үдерісімен ықпалдастыру;

- Рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде тек қана позитивті және ізгі әдістерді қолдану қажеттілігі.

Бағдарламаны жүзеге асыру қағидаты:

- Гуманистік бағыттағы қағидаттар;
- Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидаты;
- Әлеуметтік ынтымақтастық қағидаты;
- Ұлттық рухани мұра қағидаттары;
- Табиғи жас ерекшеліктеріне сай қағидаттардан тұрады.

Өзін-өзі тану пәнінде жалпы адамзаттық

құндылықтар ақиқат, дұрыс әрекет тәрбиесі, ішкі тыныштық, ұстаз ұлағаты, қиянат жасамау сүйіспеншілік деп бөлінеді. Осы орайда әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мамандардың қызметінде анимациялық іс-әрекеттерді білудің маңызы ерекше. Олар «Педагогикалық анимация» курсынан анимациялық бағдарламалар құрастыру, мәдени дем алу жұмысын ұйымдастыру, ақпараттар жинау және оны құрастыру, іс-шара жоспарын құрастыру мәселелеріне байланысты білім ала отырып, тәжірибелік жұмыстар арқылы оны іске асырады.

Анимациялық іс-әрекет негізінде болашақ мамандардың коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Кәсіби аниматорлық іс-әрекетке дайындау жолдары

Жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру мен мамандарды дайындау сапасын жақсартуда әдістемелік жұмыстың маңызды екенін ескеру қажет. Міне, осы мақсаттарды орындау үшін мынадай міндеттер көзделіп отыр: біріншіден, нарықтық экономика жағдайына қарай ғылыми-техникалық үрдіс талаптарына сай мамандар дайындаудың қолайлы мазмұнын анықтау, екіншіден, ең тиімді әдістер мен құралдарды жасауды қайта қарастыру, үшіншіден, оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми дәлелденген материалдық техникалық базасын жасау және құру, төртіншіден, оқу барысында студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру және оларға берілетін ақпаратты берік игеруін қамтамасыз ету – басты міндетіміз.

Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекет – өзіне операциялдық және жеке аспектілерді қосатын көп қызметті құбылыс. Болашақ маманды айтылған кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыруда, сол іс-әрекетті және оның жүзеге асуына талаптар мен сипатталатын өзіндік ерекшеліктері бар.

«Анимация» термині принципіалды мәнде «Animation» француз тілінен аударғанда: жандылық, жандану, тірілту, бос уақытты ұйымдастырушы кәсіп деген мағынаны білдірсе,

латын тілінде «anima» анимация түбірінің бірнеше жеке мағыналары бар. Латын тілінде ол мынадай мағыналарды білдіреді: өмірлік бастау, өмір, саналы бастау, рух. Осыларға байланысты келесі түсініктерді қарастыруымызға болады, яғни «anima» (жен) және «animus» (муж): тілек, ұмтылу, ерік «жан құштарлығы», көңіл-күй «жан қалайды», батырлық ерлік «рухпен қабылданады», рахаттану, ләззат алу, көңіл көтеру «жан қуалағанның бәрі». Сонымен анимацияның түбірі «anima» тірілту, жандандыру, «animator» сөзбе-сөз аударғанда өмір беруші, мінезді тәрбиелеуші деген мағынаны білдіреді, ал француз тілінен «Animateur» терминін сөзбе-сөз аударғанда дем беруші, басқарушы, бос уақытты ұйымдастырушы, жол көрсетуші деген мағынаны білдіреді. Ұғымның қызықты жағы маманның жұмысының өзгешелігін көрсетуінде: аниматор қызықты және әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға жағдай жасап, адамдарды іс-әрекетке қызықтыруға және онымен айналыстыруға тырысу деп қарастырылады.

Анимациялық бағдарлама – бұл көңілді қойылым. Ол мәдени-демалыстық қызмет көрсету саласымен тікелей байланысты. Туризм, қоғамдық тамақтану немесе спорттық-сауықтыру салаларындағы қызмет. Егер әлеуметтік педагогты аниматор ретінде қарастырсақ. Аниматор (актер) – сан қилы іс-шараларда әртүрлі кейіпкерлерді көрсететін *эртис* болып табылады. Анимациялық *топтың* (ағыл. animation team) құрамына кіреді. *Қонақтарды* қарсы алу мен олардың көңіл-күйін көтеру қызметін атқарады. Аниматордың негізгі функциясы – болып жатқан оқиғаларға үнемі көңілді аудару.

Аниматорлардың негізгі кейіпкерлері болып, *клоундар*, деректі және мультипликационды фильмдердің кейіпкерлері, пираттар мен қарақшылар және т.б. болады. Ал әлеуметтік педагогика жұмысындағы кейіпкерлер девиантты мінез-құлықты балалар, қиын өмірлік жағдайларға душар болған балалар, қарттар, мүгедектер және т.б. деп қарастырамыз. Кең мағынада аниматор – кеңес дәуірінен бері келе жатқан «массовик-затейник» қызметінің қазіргі кездегі атауы болып табылады. Қазіргі кезде аниматордың қызметі – жаңа *технологияларды* қолдана отырып, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру. Әлеуметтік педагогтың анимациялық әлеуеті болып коррекциялық жұмыстарды жүргізе алуы, девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік педагогикалық

технологияларды пайдалана алуы, әлеуметтік педагогикалық жүйелерді басқаруы, тренингтер, педагогикалық-психологиялық диагностика жүргізуі болып табылады. Әлеуметтік педагог аниматор ретінде көмек көрсету акцияларды, кештерді, іс-шараларды ұйымдастырады. Аниматорлар кез келген мерекені ұйымдастырушылармен бірігіп, ойластырып, көптеген конкурстар мен қызықты заттарды ойлап табады. Іс-шаралар барысында аниматорлар келген қонақтарға көңілді, қызықты болуды қадағалап жүреді, ешкімнің де ұмытылып не шетте қалып қоюын болдырмайды. Осығай байланысты, аниматор жақсы психолог та болғаны абзал, сонда ғана ол әр адамға өзіндік тіл табысу тәсілін таба алады. Сонда барлық конкурстар, эстафеталар мен қызықты байқаулар тек бақытқа бөлейді [1].

В.Г. Бочеровтың анықтамасында «анимация» ұғымы – бос уақытта шығармашылық ізденіс іс-әрекетін ұйымдастырумен байланысты кәсіби іс-әрекет деп түсіндірілген. Ал А.И. Лучанкин мен А.А.Сняцкий «аниматор» атауын: балалармен, жеткіншектермен, жастармен мәдени тәрбиелеу құралдарымен шеберлікпен қарым-қатынаста болатын, педагогикалық бос уақытты ұйымдастырудың технологиясын меңгерген маман деп түсіндіреді.

Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің мәнін анықталған типтегі, өзара әрекеттесудегі шынайы әрекеттен көруге болады. А.В.Мудрик анықтағанындай өзара әрекеттесу қарым-қатынасты қажет етеді. Бос уақыттағы өзара әрекеттесу ерікті және таңдаулы болады. Кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекетіне мәніне берілген көптеген анықтамаларды талдай келе оған төмендегідей анықтаманы беруге болады.

Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің мәні: бос уақыт саласында әр түрдегі және формадағы педагогпен тәрбиеленушінің арасындағы өзара әрекеттесуінің, көпшекті және көпбағдарламалы іс-әрекетінің жинақталуы. Осының көмегімен: релоксациялық-қалпына келтіруші, мәдени білім беруші және мәдени шығармашылық қасиеттерімен, тұлғаның белсенділігіне жағдай жасауға бағыттайтын аниматордың іс-әрекетінен көруімізге болады [2].

Берілген анықтамаларды жүйелей, кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекеті тәрбиеленуші тұлғаның үйлесімді және жан-жақты дамуына бағытталады деген тоқтамға келдік. Осыдан шыға оның негізгі мәселелеріне мына-

ларды жатқызамыз: жеткіншектердің өзіндік іс-әрекеттерінің дамуына мотивацияның қалыптасуы: жастардың қызығушылықтарына байланысты топтарды ұйымдастыру және жастардың өзара әрекеттерін шығармашылық қатынаста ұстау, ортақ мерекелік кештерді ұйымдастыру.

Педагогикалық іс-әрекет барысында теория мен тәжірибе ұштастырылады. Оны тәрбие теориясы→технология→техника→оқытушы тұлғасы деп қарастырамыз.

Анимация – әлеуметтік ортада мәдени іс-шараларды екі не одан да көп мамандардың белгілі бір уақыт ішінде ауысып өз іс-әрекеттерін жылдам әрі нәтижелі ұйымдастыруы.

«Әлеуметтік мәдени анимация» термині бос уақыт саласында алғаш рет ХХ ғасырдың 50-жылдары француз әлеуметтанушысы Ж. Дюмазадьенің «қоғамның мәдени даму досугі» атты контекстік теориясында қолданылды. Ұйымдастырылған досуг саласында лидер феноменіне қатысты Ж. Дюмазадье «әлеуметтік мәдени лидер» ұғымын қолданды, ал кейінірек оны «әлеуметтік мәдени анимация» термині етіп ауыстырды. Содан соң бұл термин ғылыми-практикалық лекцияларда «бос уақытты ұйымдастырушы кәсіп» деген атпен қатаң аталып кетті.

Көрсетілген кәсіптің өзгешелігі белгілі топтағы адамдарға (маманның басқару және ұйымдастыру мүмкіндігіне байланысты) ресми және бейресми ықпал ете білуі болып есептеледі. Ресми ықпал ете білу маманның басқару және ұйымдастырушы мүмкіндігіне байланысты, ал ресми емес ықпал ете білуі маманның жеке қабілеттерінде анықталады. Бос уақыт саласында тиімді кәсіби іс-әрекетті ұйымдастыру маманның беделіне де байланыс-

ты. Әлеуметтік психологияда «бедел» ұғымына: адамның қабілетін көрсетіп, еріксіз әрекетке әкелмейтін, адамға ықпал етудің ерекше түрі деп түсіндіріледі.

Кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекетінің құрылымында, педагогикалық іс-әрекеттегі қызметтің ортақ түрлерін сол сияқты тек өзіне қатысты қасиеттерінің өзгешеліктерінен көрсетуге болады.

Сөйтіп, кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте құрастырушы-моделдеуші шекте жобалау, талдау, болжаушылық қызметтерді бөліп көрсетуге болады. Бұл қызметтер кез келген басқару іс-әрекетінде көрінетін мақсатты пайымдау, болжаушылық, жоспар жасау, шешімді өңдеу және таңдау әрекеттерімен байланысты. Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетіндегі аталған қызметтер бос уақыттағы өзара әрекетті ұйымдастыруға бағытталады.

Адам баласына берілген ең баға жетпес құндылықтардың бірі – уақыт. Бүгінгі күні дамыған өркениетті елдерге бара қалсаңыз, кез келген адамның осы уақыт мәселесіне келгенде тым сараң екенін байқайсыз. Өйткені олар уақыттан ұтылған жағдайда көп нәрседен қағылатындықтарын жақсы біледі. Адамның өмірінің басты мақсаты – ол мәдениет принциптеріне сүйене отырып, өзінің бойындағы дарынды-қасиетті дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелей отырып, жүзеге асыру. Өйткені мәдениеттің өзі өмірдің тиянақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын, тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір институт болып табылады.

Бос уақытты ұйымдастыру жұмысының мазмұнын, ұстанымдарын, мақсатын кесте түрінде көрсетіңіз.

Кесте – Бос уақытты ұйымдастыру жұмысының мазмұнын, ұстанымдарын, мақсатын

| мазмұны | ұстанымдары | мақсаты |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Бос уақытты ұйымдастырудағы негізгі әдіс-тәсілдер: ойын, ойын-жаттығулар, тренинг-ойындар, спорттық ойындар, би, ән айту, т.б. 2. Демалыстан ләззат алатын орындарға: көл жағасына, тау баурайына, табиғат аясына, театрға бару. 3. Демалысты өзін-өзі дамытуға арнау: кітап оқу, шығармашылықпен айналысу, т.б. | Әр адамның қызығушылықтарын ескеру, бос уақытты ұйымдастыру барысындағы қойылған мақсаттарға қалайда қол жеткізу, жұмыс немесе басқа да қиындықтар жөнінде ойламау. | Бос уақытты тиімді әрі қызықты ұйымдастыру, бос уақытты өткізу барысында жағымды орта құру, қажетті жағдайлардың барлығын жасау. |

Сөйтіп, педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің мотивациялық компоненті өзіне: балаларға және басқа адамдарға эмоционалдық құнды қатынастарды (тұлғаның гуманистік бағыты) өзіндік кәсіби сапалардың дамуына және мамандығына жағымды қатынаста болуды (кәсіби педагогикалық бағыт) педагогикалық аниматорлық іс-әрекетінің пәніне жағымды қатынасты (көркем шығармашылық бағыт) қосады.

Жоғарыда қарастырылған феномендердің

мәнін ашып, болашақ мамандардың педагогикалық аниматорлық іс-әрекетке дайындығын: бос уақыт саласында әлеуметтік тәрбиенің ерекшелігін білуде, толығымен тәрбиелеу процесінің мәнін білуде, педагогикалық ұйымдастырылған бос уақыт саласындағы өзара әрекеттердің технологиялық ерекшеліктерін, мәнін, құрылымын білуде, кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің әртүрлі технологиясының мәнін білуде деп көрсетуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Философия и педагогика каникул / под ред. Крыловой Н.Б. – М.: Творческая педагогика, 1997. – 202 б.
- 2 Харькин В.Н. Педагогическая импровизация. – М., 1991.
- 3 Черный Г.П. Педагогическая технология массового праздника. – М.: Изд-во Ин-та молодежи, 1990. – 240 б.
- 4 Жарков А.Д. Технология культурно-досуговой деятельности: учебное пособие. – М., 2002.
- 5 Ярошенко Н.Н. Педагогические парадигмы социально-культурной деятельности: учебное пособие. – М., 2004.
- 6 Ярошенко Н.Н. Социально-культурная анимация. – М., 2000.

References

- 1 Philosophy and Pedagogy vacation / Ed. Krylova N.B. – M.: Creative Pedagogy, 1997. – 202 p.
- 2 Harkin V.N. Pedagogical improvisation. – M., 1991.
- 3 Chernyi G.P. Educational technology for the mass celebration. – M.: Publishing House of the Institute of Youth, 1990. – 240 p.
- 4 Zharkov A.D. Technology for cultural and leisure activities: Textbook. – M., 2002.
- 5 Yaroshenko N.N. Pedagogical paradigm of socio-cultural activities: Textbook. – M., 2004.
- 6 Yaroshenko N.N. Socio-cultural animation. – M., 2000.